

Бір жолғы талондардың құнын белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы N 134 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 29 сәуірде N 14-3-71 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 68 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2012.12.04 № 68 (қолданысқа 2013.01.01 енгізіледі) Шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 100 Заңының 36 бабының 6 тармағына және " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2011.10.21 N 340 (2011 жылғы 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілсін) Шешімімен.

1. Бір жолғы талондардың құны дүркін-дүркін сипатта болатын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға, дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Бір жолғы талондардың құны базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға, дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

Ескерту. 1, 2 тармақтарға өзгерту енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2011.10.21 N 340 (2011 жылғы 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілсін) Шешімімен.

3. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т
сессиясының төрағасы *К. Сырлыбаев*

Қалалық мәслихатының хатшысы *Е. Аширов*

2009 жылғы 31 наурыздағы N 134
Кентау қалалық мәслихаттың

шешіміне 1 қосымша

Қызмет түрлері дүркін-дүркін сипатта болатын жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға берілетін бір жолғы талондардың құны

N	Қызмет түрлерінің тізбесі	Бір жолғы талонның құны (тенге)
1	Сату (стационарлық үй-жайларда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда):	
	1) газеттер мен журналдар	59
	2) тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материалдары (екпелер, көшет)	70
	3) бақша дақылдары	140
	4) саяжай және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдер	140
	5) қосалқы ауыл ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдері	88
	6) жануарлар мен құстардың жемдері	88
	7) сыпыртқылар, сыпырғылар, орман жидегін, бал, саңырауқұлақ және балық сату	88
2	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметі	350
3	Үй жануарлары мен құстарды бағу	59

2009 жылғы 31 наурыздағы N 134
Кентау қалалық мәслихаттың
шешіміне 2 қосымша

Базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға берілетін бір жолғы талондардың құны

N	Тауар, жұмыс және қызмет түрлері	Бір сатушыға белгіленген орын	Бір жолғы талонның құны (тенге)
	Базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшаулаған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтер		
1	Ұн және кондитерлік тауарлар	2 шаршы метрге дейін	93
2	Нан және нан тағамдары	2 шаршы метрге дейін	76
3	Ет	1 шаршы метрге дейін	146
4	Сүт тағамдары	1 шаршы метрге дейін	93
5	Көкөніс, жеміс-жидектер	2 шаршы метрге дейін	75
6	Құрғатылған жемістер, бал	2 шаршы метрге дейін	146

7	Киімдер, мата, бас киімдер, аяқ киімдер	2 шаршы метрге дейін	159
8	Аудио-видео аппараттар	2 шаршы метрге дейін	111
9	Кеңсе тауарлары, парфюмерия тауарлары	1 шаршы метрге дейін	127
10	Жеңіл көліктер, ауылшаруашылық техникалары, автобустар	1 автокөлікке	146
11	Мото-вело техникасы	1 техникаға	76
12	Ірі қара мал, жылқылар	1 бас	93
13	Қой, ешкі	1 бас	59
14	Құстар мен аңдар	1 бас	23
15	Жемшөп	5 шаршы метрге дейін	50
16	Құрылыс материалдары	3 шаршы метрге дейін	127
17	Гүлдер	1 шаршы метрге дейін	88
18	Аяқ киім жөндеу және басқа тұрмыстық қызметтер	1 шаршы метрге дейін	50
19	Ұсақ-түйек тауарлар	2 шаршы метрге дейін	88

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК